

АЛАТАУ

Ардагері



alm Obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№3 (65) 17 қаңтар 2025 жыл

12 қаңтар-Д.А.Қонаевтың туған күні

ҰЛЫ ТҰЛҒА ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

12 қаңтар-аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туған күні. Осы айтулы күнге орай жыл сайын Ұлы тұлғаны еске алуға арналған іс-шаралары өткізіліп келеді. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын игі шара биыл да өз жалғасын тапты.



көрмені тамашалап, ол жердегі Димекен жайында жазылған кітаптарды, сонымен қатар тіршілігінде өзі ұстаған заттар мен дүниелерді көріп, таңырқап қарады.

Өз дәуірінің кеменгері болған, дана халықтың дара перзенті, Дінмұхамед Қонаевтың туған күніне орай ұйымдастырылып жатқан еске алу кештің басталуында аудандық Мәдениет үйінің жанынан құрылған «Бақанас» театрының өнерпаз-

басшысы Данияр Алиев және ауданның Құрметті азаматы Сапарғали Сәтбаев ұлы тұлғаның ел-жұртына сіңірген еселі еңбектерін тілге тиек етіп, Димекен жайында естелік әңгімелерін өрбітті.

Шара барысында аудан әкімі Азат Құтпанбетов ауданға арнайы келген өз өнерін көрсеткен Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Секен Тұрысбековтың иығына шапан жауып, аудан азаматтары атынан астына ат миңгізді. Ал Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Данияр Алиев мәдениет саласына еңбек сіңірген ауданның бірқатар азаматтарын Алғыс хатпен марапаттады.

Дана халықтың дара перзентін еске алуға арналған кеш «Үшқоңыр» фольклорлы – этнографиялық ансамблінің және аудан өнерпаздары әуелете шырқаған әсем әндер мен мың бұралған бишілердің өнерін тамашалаумен жалғасты. Мәдени шара соңында «Алихан» мейрамханасында ұлы тұлғаның рухына арнап ас берілді. Құран-кәрім бағышталды. Ас та төк жайылған дастарханның басында да Димекен жайында естеліктер айтылды.

Кие қонып, бақ дарыған қасиетті Балқаш тарихында дара тұлға, халқымыздың ұлы перзенті, «Елу жыл ел ағасы» атанған жерлесіміз Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі алтын әріптермен жазылған. Олай деуіміздің себебі, көзі тірісінде еңбекқорлық пен адалдықтың символын көрсетіп, халқының кадрлі, ұлтының ұлы перзентіне айналған Димекеннің туған жеріне, туған еліне деген сүйіспеншілігі, Балқаш өңіріне, оның ішінде «Ақдала алқабының» игерілуіне сіңірген еңбегі орасан зор.

Сол себепті де, ауданымызда жыл сайын Дінмұхамед Ахметұлының туған күнін жоғары деңгейде атап өтіп, жас ұрпаққа ұлы тұлғаның дара жолын насихаттау қанымызға сіңген қасиетіміз іспеттес. Тіршілігінде-ақ әулие атанған Димекеннің атамекеніне сіңірген өлшеусіз еңбегін, ел дамуына қосқан елеулі үлесін жастарға насихаттау, ұлы тұлғаны ұлағаттау Балқаштың дүйім ел-жұртының парызы десек, ақиқаттан алшақ кетпеспіз.

Бақтығали МЕЙРАМБЕКҰЛЫ.
Балқаш ауданы.

Қазақтың дана да дара перзенті Дінмұхамед Ахметұлын еске алуға арналған игі шара Балқаш ауданы орталығына кіре берісте орналасқан Д.Қонаев атындағы саябақтағы ұлы тұлғаның тұғырлы ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталды. Саябақ ішіндегі ескерткішке гүл шоқтарын қойып, ұлы тұлғаның әруағына тағзым жасалғаннан кейін жиналған көпшілік ескерткіш алдында естелік суретке түсті. Мұнан соң алыс-жақыннан



келген көпшілік аудан әкімдігі жанындағы Д.Қонаев ескерткішіне келіп, мұнда да гүл шоқтары қойып, тағзым жасады.

Іс-шараға арнайы келген қонақтар Мәдениет үйінде жиналды. Алыстан ат терлетіп келген қонақтар аудандық кітапхана және аудандық өлкетану музейінің қызметкерлері бірлесіп ұйымдастырған,

дары дайындаған Димекеннің өмір жолы мен қызметі жайында қойылымды сахналады.

«Заманның заңғар тұлғасы» тақырыбында ұйымдастырылған кеште арнайы сөз кезегін алған аудан әкімі Азат Құтпанбетов, Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының

ҚОНАЕВ ҚҰПТАҒАН БАС ЖОСПАР

1970 жылы 3 шілдеде Қапшағай қаласының жаңадан жасалған бас жоспарының жобасын талқылау үшін жобаның бас сәулетшісі Виктор Борисович Чадов бастаған жобалаушылар тобы келіп, депутаттар алдында есеп берді. Осы басқосуда Іле ауданының бас архитекторы Сергей Николаевич Куцельдің қосымша есебі тыңдалған еді.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1970 жылғы 9 шілдедегі Жарлығына сәйкес, Илийск поселкесі Қапшағай қаласы болып аталуына байланысты қаланы одан әрі дамыту үшін қажетті жағдай жасау, оны жоспарлау мен құрылыс сапасын жақсарту, сондай-ақ еңбекшілердің жаппай демалуы үшін су қоймасының жағалау белдеуін пайдалануды ретке келтіру мақсатында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі 1970 жылдың 20 шілдесінде «Қапшағай қаласының құрылысын жақсарту, абаттандыру және одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» №442 санды қаулы қабылдады.

Осы қаулыны орындау бойынша Алматы облыстық атқару комитеті Қазақ КСР Мемлекеттік құрылыстың 1970 жылғы 7 тамыздағы №253 санды бұйрығына сүйеніп, 1970 жылғы 15 қыркүйекте арнайы шешім қабылдап, қала құрылысының бірінші кезегін 1975 жылға, екінші кезегін 1980 жылға дейін белгіледі. 1971-1973 жылдары Қапшағай қаласындағы №№1,2 шағын аудандардың қызмет көрсету және осы шағын аудандардың аумағы бойынша іргелес жатқан көшелерді абаттандыру, қоғамдық көлік пен жарықтандыруды қоса алғанда кешенді құрылыс жұмыстарын

аяқтау, 1970-1971 жылдары 1-шағынауданда 8-9 қабатты үш ірі панельді тұрғын үй, 2-шағынауданда үш тұрғын үй салу үшін қажетті жобалау және басқа да дайындық жұмыстарын жүргізу, ал 1972-1975 жылда-



ры олардың құрылысын толықтай жүзеге асыру тапсырылды.

Бас жоспар бойынша келешекте демалыс базаларының орталығы Қапшағай су қоймасының ағысына қарай бой түзейтін сәулетті мекен - Жаңа Іле қаласы болады деп атап көрсетілді. Оның шағынаудандарының әрқайсысы 10-15 мың адамға есептелді.

(Жалғасы 2-бетте)

Откен жылдың жағымды жаңалығы

Д.Қонаев туған күні: қонаевтық 80 отбасы баспаналы болды

Алдымен барша жұрт Д.Қонаевтың туғанына 113 жыл толуына орай, ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Кейіннен Мәдениет үйінде мемлекет және қоғам қайраткерін еске алу кеші өтті.



Шараға қала әкімі Асхат Бердіханов қатысып, Д.Қонаевтың өр тұлғалы азамат болғаны жайында маңызды деректерге тоқталды.

«Бүгін біз үшін ерекше күн. Себебі, дәл осы күні, 1912 жылдың 12 қаңтарында қаламызға есімі берілген еліміздің даңқты перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев дүние есігін ашты. Қонаев ағамыз ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кенті мен 43 қала салынды. Ол Іле өзенінің бойына бөген салдырып, жаңа су электр стансасының бой көтеруіне, осы маңда жаңа Қапшағай қаласының іргетасы қалануына еңбек сіңірді», – деді Асхат Бердіханов.

Содан кейін әлеуметтік осал топтағы отбасыларға және кезекте тұрған азаматтарға 80 пәтердің кілті табыс етілді.

Шағын концерттік бағдарламадан соң, шаһар басшысы бүгін баспаналы болған екі отбасының үйіне барып, құттықтап шықты.

«Өзім көпбалалы анамын, 7 балам бар. Үй кезегінде 17 жылдан бері тұрғанмын. Бүгін ағамыздың туған күнінде жақсы жаңалық болып, үйге қолымыз жетті. Қуаныштымын! Әлеуметтік осал топтағыларды, көпбалалы аналарды, жетімдер мен ардагерлерді қолдап жүрген мемлекеттік қызметкерлерге алғысым шексіз», – деді үй иесі Назым Ахметова.

Айта кетейік, пәтерлер жекешелендіру құқығынсыз жалға берілді. Жалға алу құны – қолжетімді. Былтыр Қонаевта 85 отбасыға пәтер кілті табысталған болатын.

Алматы облысында электр энергиясы қымбаттады

Жылу энергиясын есепке алатын құралы жоқ тұтынушыларға 16,2 млн. теңге қайтарылды, деп хабарлайды Алматыдағы ВАQ. KZ тілшісі.

Бұл туралы Табиғи монополияларды реттеу



комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Барлық Әдепханұлы өңірлік коммуникациялар қызметінде айтты.

Тариф бағасы тым құбылмалы. Мәселен, 2024 жыл ішінде “АлматыЭнергоСбыт” ЖШС электр энергиясының бағасы 1 наурыз бен 15 қазанында екі рет өзгерді. Бүгінгі күні халық электр жарығы үшін кВт/сағатына 30,90 теңге төлейді.

Жыл басынан бері сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне бойынша инвестицияларға айырбастау тарифі бағдарламасы бойынша – 50,51 млн. теңге, жылумен жабдықтау қызметі бойынша - 114 млн. теңге, элетроэнергияны тасымалдау бойынша – 38,553 млн. теңге игерілген.

12 қаңтар-Д.А.Қонаевтың туған күні

ҚОНАЕВ ҚҰПТАҒАН БАС ЖОСПАР

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Ал қала орталығындағы ықшамаудандарға мәдени ағарту, сауықтыру, физкультура-спорт, балалар мекемелері, мектептер мен интернаттар және коммуналдық кәсіпорындар, мәдениет үйі мен кітапханадан басқа мәдениет мекемелері, дәмханалар мен мейрамханалар, қалалық стадион қарастырылды. Қала келбетін одан әрі айшықтандыра түсу үшін жиырма қабатты зәулім үйлер салу, теңіз жағасынан қаланың батыс жағына қарай тоғыз шақырымға созылған ені бес жүз метрлік орманды алқап отырғызу бас жоспарға енгізілді.

нып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев танысқанан кейін орындалған жұмысқа «жаксы» деген баға берілді. 1971 жылғы 25 наурызда Қазақ КСР Министрлер Кеңесі № 161 санды қаулы қабылдап, Қапшағай қаласының бас жоспарын бекітті.

Ғалымдар Қапшағай су қоймасы жағалауының климатын Қара теңіз-дегі Сочи, Ялта шипажайларымен салыстырып, мұндағы ашық аспан астындағы таза ауа, ыстық құм, күннің мол сәулесі Қара теңіз жағалауынан кем түспейді деп баға берді. Жас қала өзінің көркемнен ғана емес, сонымен қатар табиға-

дай жерде үлкен жұмыс жүріп жатыр ғой. Егер де замана деңгейімен өлшем жасасақ, істеліп жатқан істер ХХІ ғасырдың үлесіне тиетін жай бар емес пе? Бірінші - экономикалық өзегі және қозғаушы күші болып есептелетін электр стансасы салынып жатыр. Екінші - Қазақстанның батысы мен шығысын байланыстыратын екі ірі жол қатынасы магистралы салынуда. Оның біреуі-темір жол өтетін көпір, екіншісі-автомашина жүретін жол мен көпір. Үшіншісі - Іле өзені бөгіліп, су қоймасы жасалуда. Ең негізгісі онтүстіктегі ірі шөл даланың ортасында орналасқан су молшылығы ірі жер байлығын игеруге мүмкіншілік туады. Егер де солай болса, осы кешеннің ортасына неге қала салмаймыз?

Үйіміздің іргесінде сарқыраған су ағып жатса, шаңырағымыздан жарқырап электр жарығы түсіп тұрса, табалдырықты аттап шыға салғанда темір жол вагонына отыра кетсең, біздің өмірімізге негізгі қажеттіліктер осы емес пе?!

...Өмір талабынан қалыспас үшін Алматы қаласындағы ірі өндіріс орындары көбеймек. Міне, осы айтылған жаңадан қосылатын өндіріс орындарын Алматыға салмай, осы жаңа қаланың үлесіне береміз деген ойымыз бар. Соған қосымша Алматыда орналасып, жұмыс істеп тұрған кейбір өндірістерді осы жаңа қалаға аудару мақсаты жоспарымызда тұр. Бұл ойлар - іске асатын ақиқат шындық.

Екіншіден - осы көлді халықтың демалыс орнына айналдыруымыз керек қой. Алматының көк түтініне тұншығып жатқан халқы көлдің жағасында бойларын жазып, сергитін мүмкіндіктер жасалынады.

Бітірген жұмыстарымыздың ішіндегі маңыздысы жаңадан қаланың орны белгіленді, қаланың аты Қапшағай болып аталды» деген



қаланың жарқын болашағы жайындағы айтқаны тура келіп, Қапшағай ГЭС-і құрылысына жұмсалған шығын екі-ақ жылда өтелді. Қала аумағында өнеркәсіп, құрылыс, көлік, сауда, тұрмыстық қызмет, балық және ауыл шаруашылығы құрылымдары іске қосылған сол жылдары тұрғындар өміріне самаладай шуақ шашылды. Алматы мен Қапшағайдың арасы қан тамырындай бүлкілдеп сала берді.

Ұлы Қазақ даласының дара тұлғасы кеменгер Дінмұхамед Қонаев сусынған сары құмдар мен шулы тоғайларды жарып өткен Іле өзенінің жағасында Қапшағайды салу арқылы талай мәселенің түйінін шешіп, өзінің қолтаңбасын қалдырды. Қапшағай ГЭС-і арқылы Жетісу өңірі электр жарығымен қамтылды. Ақдала мен Шеңгелді алқаптары және басқа да егістік жерлер су қоймасынан нәр алып, бау-бақшаға айналды. Жер жәннаты Жетісудың сан тармағына халықтың дамылсыз қатынауын қамтамасыз еткен автомобиль көпірі, теңіз үстегін өтетін Талдықорған-Қорғас арқылы Қытайға

жететін теміржол дәлізі, Қапшағай су қоймасы халықтың нағыз игілік көзі болды.

Қонаев қаласының халқы үшін жыл сайын ұмытылмайтын екі күн бар, бірі - Дінмұхамед Ахметұлының өмірге келген күні болса, екіншісі - өмірден қайтқан күні. Бұл күндері қала тұрғындары ерекше көңіл-күймен Димаш ағаның ескерткіші алдына жиналып, ұлы тұлғаға бас иіп тағзым етеді.

Замана заңғары Дінмұхамед Қонаевтың өмірімен танысу, оның өмірлік ұстанымдарын зерттеу - әрбір қазақтың парызы болып қала бермек. Алланың адал елшісіндей, заманының Пайғамбары атанып, туған жерінің туын тік ұстаған, елімен бірге тыныстаған, кішілігі мен кісілігін таразы басында тең ұстаған, елімен еншілес, халқымен қанаттас, жұртымен жұптас болған Димаш ағаның есімі елімен бірге жасай беретіндігін араға 30 жыл салып барып, уақыттың өзі дәлелдеп берді. Оған бүгінгі Қонаев қаласы куә.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМУЛЫ
Қонаев қаласы



Қаланың жаңа бас жоспары аудандық кеңестен бастап, облыстық атқару комитеті мен облыстық партия комитетінде, облыстық архитектураның ғылыми-техникалық кеңестерінде қаралып, Қазақ КСР Мемлекеттік құрылыс, Қазақ Министрлер Кеңесі алқасына ұсынылды. Одан кейін бас жоспар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің алқасында талқыла-

тымен де кез келген еліміздегі курортты қалалар мен бәсекеге түсе алады, Қапшағай маңы республика еңбекшілерінің сүйіп тынығатын демалыс орындарына айналады деген тоқтамға келді.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың: «Мынау Қапшағай деген азғантай жер, көлемі үлкен емес. Айналасы құнарсыз сусылдаған қызыл құм екені рас. Бірақ осын-

К 80-ти летию Победы

НАГРАДЫ ДОСТОЙНЫМ. ПОМНЯ ПОДВИГ БАТЫРОВ

В начале нового 2025 года в Отеген батыре состоялось подведение итогов деятельности известного спортивного клуба имени Героя Советского Союза, «Халық қаһарманы», генерала армии Сағадата Нурмагамбетова. Эта мероприятие инициировано названным клубом и молодежным объединением «Алатау жастары» при областном совете ветеранов, было приурочено к приближающейся знаменательной дате - 80-ти летию Победы советского народа в Великой Отечественной войне. Как известно, более миллиона наших соотечественников воевало в рядах Красной Армии против фашистской Германии, проявив негибкую стойкость и героизм в борьбе с врагом. А Сағадат Нурмагамбетов являлся одним из 96-ти уроженцев Казахской ССР, удостоенным высочайшей военной награды СССР – звания Героя Советского Союза и медали «Золотая звезда».

Перед собравшимися выступил председатель Алматинского областного Совета ветеранов, почетный президент спортивного клуба «Sagadat Batyr – QTT» Ерболат Турмбетов. Ерболат Сапарович, стоявший у истоков создания данного клуба, отметил его заслуженные в минувшем году успехи. За короткий срок молодые джитсеры Алматинской области громко заявили о себе на международных соревнованиях, в числе которых и чемпионат мира.

Особенно радует, что молодые спортсмены прекрасно провели заявленный масштабный турнир, посвященный 100-летию легендарной личности – генералу, фронтовику Сағадату Нурмагамбетову, чье имя носит спортивная организация. Также выступающий отметил, что подвиг наших солдат, внесших свой неоценимый вклад в общую победу

СССР над врагом, это яркий пример воинской доблести и любви к общей, в то время, нашей Родине, готовность встать на её защиту. Поэтому послевоенное и нынешнее, молодое поколение независимого Казахстана, не должны забывать подвиги наших дедов. В этом году страны СНГ отмечают 80-ти летию Победы советского народа в Великой Отечественной войне. Хотелось бы ещё раз вспомнить имена наших героев - Рахимжана Кошкарбаева, Бауыржана Момышулы, Маншук Маметову, Алию Молдагулову, Талгата Бигельдинова, Сағадата Нурмагамбетова и многих-многих других. Также оратор в своей речи отметил, что большая роль в воспитании и достижении спортивных побед принадлежит родителям, тренерам юных спортсменов, прививающим детям чувство патриотизма и любви к Родине.



Церемония награждения лучших джитсеров и триплеров этот день была как раз необычной, с упоминанием имен этих легендарных личностей, героев Великой Отечественной войны. Например, специальную награду имени Бауыржана Момышулы получили Асадулла Батырбек, Бек-Батыр Медетулы, Хайд Алмас, Давид Николаенко. В номинации Касым Кайсенова - были отмечены Али Дамсулы, Батыр Батырбек, Арсен Закирия, Алисултан Берик. Наградами Малика Габдуллина удостоены Бексултан Кайырбек, Ельдар Тилеужанов, Ибрагим Адильхан, Алиф Джамбулат. В номинации Рахимжана Кошкарбаева поощрили Дидара Ханкожа, Ансара Сагинова, Радмира Николаенко. Призами Маншук Маметовой - Хуаз Доспанову, Алии Мулдагуловой и Маншук Маметовой - были награждены представители прекрасной половины - Лашын Нурмаганбет, Марьям Кайырхан, Латифа Алмас, Ясмин Берикжанова, Жумаш Батырбек, Биназир Алмас, Амира Кайырхан, Жасмин Балабекова, Томирис Кайырхан.

Подводя итоги мероприятия, главный тренер клуба «Sagadat Batyr – QTT», депутат областного маслихата, председатель молодежного объединения «Алатау жастары» Нурсултан Орынбасаров отметил значимость для страны предстоящей даты - 80 ле-



тия Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. Напомнил, что Президент Касым-Жомарт Токаев недавно сказал: «Этот юбилей объединяет все народы содружества и символизирует торжество идей свободы и справедливости. Мы всегда должны помнить беспримерный в истории человечества подвиг наших отцов и матерей, всех ветеранов войны и тружеников тыла».

А в новогоднем поздравлении наш президент еще раз подчеркнул, что мы достойно отметили 80-летие Великой Победы. Мы же, - продолжил Нурсултан, решили приурочить мероприятие именно к этой дате, что очень символично и почетно. Именно дух, сила, смелость, патриотизм, служение и любовь к Родине - главные цели идеологии и миссия нашего клуба. Всеми этими качествами обладали наши аташки и апашки, герои Отечественной войны, бывшие в то время совсем юными. В этот вечер 25 наших лучших воспитанников получили специальные награды в честь таких исторических личностей, как Бауыржан Момышулы (115 лет со дня рождения) Малик Габдуллин (110 лет со дня рождения), Алия Молдагулова (100 лет) и других. Это наша история, наша гордость и пример для подражания».

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
Илийский район

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Ауылымыздың тұрғыны, Ұйғыр ауданының және Алматы облысының Құрметті азаматы Қасымов Сайдахмет Барахұндын мерейлі 80 жасымен құттықтаймыз! С.Касымов 1945 жылы 9 қаңтарда ауданымыздың Үлкен Ақсу ауылында туылған. Еңбек жолын 1961 жылы аудандағы жол бөлімінде жүргізуші болып бастап, сол мекеменің механигі ретінде жалғастырған. 1964 - 1967 жылдары Отан алдындағы борышын Кеңес Армиясы қатарында Беларусь жерінде атқарған. Өндірістен қол үзбей 1986 жылы Қазақ ауылшаруашылығы институтын «инженер-механик» мамандығы бойынша бітірді. 1986 - 1988 жылдары аудандағы техникалық бақылау участогінің бастығы, 1988 - 1990 жылдары Шонжы жолаушылар тасымалдау автопаркі директорының орынбасары, 1990 - 2011 жылдары «Райгазоперевозки» кәсіпорнының директоры қызметін аткарып сол жұмысын «Азия Газ NG» кәсіпорнында жалғастырды. Алматы облыстық маслихатының I, II, III, IV шақырылымдарының депутаты ретінде аудан көлемінде шешімін таппай жүрген жұмыстардың атқа-

рылуына ықпал етті. Ауданда істеген уақыттағы еңбегі бағаланып мерекелік медальдармен марапатталды. Жакында ғана «Маслихатқа 30 жыл» және «Алматы облысының құрметті ардагері» төсбелгілерінің иегері атанды. Қоғамдық жұмыстардан да қол үзбей 2017 жылдан бері Шонжы ауылдық округі әкімшілігінің жанындағы ардагерлер және ақсақалдар кеңесінің төрағасы ретінде ауылдағы және аудандағы іс-шараларға қатысып өз ойларымен бөлісуде. Сайдахмет Барахұндын көптен бері білетін ардагерлер ретінде оның отбасына амандық, саулық, бақыт, ең бастысы денсаулық тілейміз.

Ы.АСУБАЕВ,

ардагерлер атынан аудандық, Ардагерлер ұйымының алқа мүшесі

Редакциядан. Газетіміздің өткен санында Қасымов Сайдахметұлы 70 жасқа толды деп қате жазылыпты. Кеіірім сұраймыз. 80 жасқа толған мерейтойыңыз құтты болсын!

Таныс болыңыздар! Алматы облысы бойынша аудандық және қалалық «Асыл ана» қоғамдық бірлестіктерінің төрайымдары



АЙТУҒАНОВА
Азат Жұмақанқызы,
Талғар ауданы



БАЙПАҚОВА
Бағдат БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ,
Іле ауданы



БАРХИНОВА
Ұлтусын Аманкелдіқызы,
Қарасай ауданы



АЙСИНА
Қалдықұл,
Еңбекшіқазақ ауданы



САГЫНБЕКОВА
Гаухар Орзалықызы,
Кеген ауданы




ҚАЛЖАНОВА
Жанат Медетқызы,
Қонаев қаласы



ТӨЛЕГЕНОВА
Гульмира Әселбайқызы,
Райымбек ауданы



БАЙСЕРКЕЕВА
Нұрпия Сатыбалдықызы,
Ұйғыр ауданы



САУРБАЕВА
Риза Санаққызы,
Алатау қаласы



ЖҮСІПОВА
Ғалия,
Балқаш ауданы



СТАНКУЛОВА
Гульзира Нұриқызы,
Жамбыл ауданы